

Сарыағаш аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына!

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 3-тармағына сәйкес, жетінші шақырылымдағы Сарыағаш аудандық мәслихатының кезектен тыс он төртінші сессиясы 2021 жылдың 07 желтоқсан күні сағат 16:00-де Сарыағаш аудан әкімдігінің мәжіліс залында өтетіндігін хабарлаймын.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы 2021 жылдың 07 желтоқсан күні сағат 10:00-де аудандық мәслихаттың мәжіліс залында өтеді.

Сарыағаш аудандық мәслихатының кезектен тыс сессиясының онлайн трансляциясы saryagashmaslihat.gov.kz сайтында жүргізіледі.

Сессия қарауына енгізілген мәселе:

Сарыағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №60-534-VI «2021-2023 жылдарға арналған қала, кент және ауылдық округтердің бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

**Аудандық мәслихат
хатшысының міндетін
уақытша атқарушы**

Ш. Ибрагимов